



Автор: Нурмагамбетова Ботагоз Мукушевна
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер
Тақырып: Қазақ отбасы дәстүрлері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.01. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау. 5.A2. Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану. 5.Ж4. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Мәтіннің мәнін түсінеді, сөйлеу арқылы, дәстүрлерді ажыратады. Көбі: Отбасындағы дәстүрлерді түсінеді, сөйлеу арқылы, дәстүрлерді ажыратады, таниды. Анық сөйлеу арқылы, түсінгенін, постер арқылы көрсетеді. Кейбірі: Мәтіннің мәнін түсінеді, ажыратады, сұрақтарға жауап береді.
Тілдік мақсаттар:	төр - почетное место қария - старик, старец, пожилой қонақ - гость төрлетіңіз - проходите, пожалуйста үлкендер - взрослые, пожилой человек
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	Ауызша мәтін құрауда қазақша амандасу мәнерін дұрыс қолданады. Ұлттық этикет формаларын қажеттілігіне қарай орынды қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу, құрметтеу, сыйлау, білу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Кескіндер, суреттер
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Отбасы дәстүрлері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 мин)	Амандасу. Күннен , жерден нәр алған Біз - өмірдің гүліміз. Бүгінгі күннің сәтінде Сәтті болсын күніміз! (психологиялық ахуал туғызу) "Ыстық орындық" әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру. 3 түрлі стикерлерді сыныпқа таратамын, сол түскен стикері бойынша сабақ соңында сабақты өздері қалай түсінгендерін білдіреді. Суреттерді тақтаға шашыраңқы іліп қою, оқушылармен бірге бүгінгі жаңа тақырыпты айқындау.	Музыка ойналады 3 түрлі стикер суреттер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	Оқылым дағдысы. 1-тапсырманы кезекпен оқып, аударып шығады. тапсырманың соңында сұрақтар беріледі, сол сұрақтарға оқушылар оқылған тапсырма бойынша жауап береді. <i>Төр</i> <i>Төр қонақ бөлменің жоғарғы жағы. Ол жасы үлкен адамдар Қонақтар отыратын сыйлы орын. Қазақ үйге келген қонақты "төрлетіңіз" , "төрге шығыңыз" деп отырғызып құрмет көрсетеді. Қазақ халқында дастарханға үлкендерден бұрын отыру ұят болып саналатын. Себебі, алдымен ақ сақалды ата мен ақ шашты әжені сыйлап төрден орын береді. Үлкен кісілер көпті көрген сыйлы кісілер. Қазақта төріңнен қарт кетпесін деген сөз бар. Себебі қарт тілегін айтып, батасын береді.</i> Сұрақтар: Төр қайда орналасқан? Қазақ халқы үйге келген қонақты қалай қарсы алған? Қонаққа қалай құрмет көрсеткен? Қазақ халқы төрге кімді отырғызған? Қазақта қарт туралы қандай аталы сөздер бар? Дастарханға кім бата береді? (ауызша) 2-тапсырма. Суреттердің бірін тыңдап, ауызша мәтін құраңыз. Мәтінде қазақша амандасу түрлері және ұсынылатын сөздер мен сөз тіркестерін қажетінше пайдаланыңыз. Ұсынылатын сөздермен сөз тіркестері: шырағым, қарағым, көп жаса, жасың ұзақ болсын, мал-жан аман ба? Дескриптор: - суреттерге таңдау жасайды; -сурет бойынша ауызша мәтін құрайды; -мәтінде қазақша амандасу түрлерін қолданады; -сөздер мен сөз тіркестерін суретке қатыстырып ұлттық этикет формаларын қолданады. Кері байланыс: -нені білді, нені үйренді; -не әлі түсініксіз; -қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет. 3-апсырма. <i>Белсенді оқу әдісімен оқушылар шеңберде тұрады, мұғалім оқушыларға тізбектей жеке-жеке сұрақтар қояды, бір-бірімен сұхбаттаса отырып, сұрақтарға жауап береді.</i> 1. Үйге келген қонақты қалай қарсы аласың? 2. Қонақтарды дастархандағы дәмге қалай шақырасың? 3. Дастарханға қандай тағам түрлерін қоясыңдар? 4. Дастарханға шақырылған қонақтар қай жерге отырады? 5. Үй иелері қайда отырады? 6. Сен қайда отырасың? 7. Атаң қайда отырады? 4-тапсырма. "Ой толғау" өз ойыңызды бос орынға жазыңыз. Сөздікпен жұмыс. Алыңыз - возьмите беріңіз - дайте оқыңыз - читайте тыңдаңыз - слушайте ішіңіз - пейте жазыңыз - пишите көріңіз - смотрите отырыңыз - садитесь зейнеткер - пенсионер	мәтін

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 мин)	Рефлексия. Мен ... үйрендім. Мен ... білдім. Маған ... қиын болды.	3 түрлі стикер
Рефлексия	Қалыптастырушы бағалау: өте жақсы, жақсы, орташа. Үйге тапсырма: "Атам төрде отырады" атты сөйлемдер жазып келу.	